

**Г.А. Мирзакулова** 

дінтану магистрі

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Қазақстан, Талдықорған қ.

[mirzakulova.gulnur@mail.ru](mailto:mirzakulova.gulnur@mail.ru)

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА МУЗЫКАНЫҢ ӘСЕРІ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

**Аңдатпа:** Музыка бүгінгі таңдағы қоғамның күнделікті өмірінде, әсіресе оқушылар үшін, үлкен рөл ойнайды. Музыка өз-өзін көрсетудің ғана формасы емес, ол сонымен қатар эмоционалдық жағдайға да терең әсер етеді. Осыған байланысты, музыканың жасөспірімдердің эмоционалдық тұрақтылыққа әсері мәселесі өзінің зор өзектілігін көрсетеді. Эмоционалдық тұрақтылық болса, қоғамның өмір сапасына және тұлғалық дамуына өз ықпалын тигізеді. “Қазақстан - 2030” даму стратегиясында халықтың өмір сапасын дамыту, оның ішінде жасөспірімдер мен балалардың жағдайын қалыптастыру мақсаты бекітілген. Сондықтан, бұл мәселенің зерттелуі жасөспірімдердің психикалық әл-ауқатына қатысты музыка сияқты мәдени аспектілердің толығымен әсерін түсініп, кейін тиісті түрде қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты – музыканың оқушылардың эмоционалдық жағдайына әсерін анықтау және анализдеу. Музыканың қай жанрының және қай элементтердің жасөспірімдерге қандай эмоционалды эффектті тигізетінін анықтау.

**Тірек сөздер:** музыка, оқушылар, эмоция

**Кіріспе.** Музыканың адамның эмоцияларына әсері туралы ғылыми психологиялық зерттеулер көп. Г. Б. Қамза және Р.Ж. Базарбекова өзінің «Студенттердің психоэмоциялық жағдайына музыканың әсері» зерттеуінің барысында «Музыкалық графика» әдісін қолданған. Бұл әдістің негізінде музыканы тыңдағандағы сезімдерін сурет салу арқылы визуализациялау жатады [1]. Зерттеуде 3 музыкалық жанрдың әсері қарастырылған: классикалық, заманауи поп және рок музыкасы. Классикалық музыканы

тыңдағанда студенттер сабырлық, рок музыкасында мазасасыздық және поп музыкасында би билегісі келіп қуаныш эмоцияларын көрсеткен. Алайда, поп және рок музыкасының әсерінен студенттерге негізгі тапсырманы орындауға кедергілер туындағаны байқалынды [1]. Музыка темпінің айырмашылықтарында да әртүрлі әсер көрінеді. Баяу музыканы тыңдағанда адамдардың жалпы ауқатының көтерілуі, мазасыздықтың төмендеуі, ал жоғары темптегі музыканың жүйке жүйесінін тоздыру қасиетіне

байланысты, бастапқы уақытта алынған стимулдан көңіл-күйдің көтеріліуіне қарамастан, жалпы түрде адамдардың өнімділіктерінің төмендеуі зерттеу нәтижесінде анықталды [3]. Осыған ұқсас 104 зерттеулердің метаанализінде музыканың стресстің деңгейін азайту қасиеті кортизол гормонының төмендеуі арқылы бар екенін қорытындыланды. Оның үстіне баяу шығармаларды қамтыған зерттеулерде жағымды әсерлер өзін ерекше көрсеткен [4]. Алайда, музыканың жағымсыз әсері де бар. Музыканың ішінде рэп-рок, рэпкор және блэк-метал жанрлары адамдарда жағымсыз эмоцияларды тудырып, комфорт сезімнің төмендетеді, ал блюз және инди-поп адамдардың көңіл-күйін көтере алады. Алайда мұндай ерекшеліктер тек қана музыкалық жанрларға байланысты емес, сонымен қатар адамның өзіне тән қасиеттеріне де байланысты әсер ететіндігі айқындалды [5]. Бұл музыканың әсерін зерттеуіндегі субъективтілік факторының ықпалын ашады. Музыкалық тенденцияларында адамдардың 33%-ы әртүрлі жанрдағы, 18%-ы поп, 14%-ы ауыр рок, 6%-ы классика, 6%-ы шансон және 2%-ы джаз музыкасын тыңдайтындығы анықталды. Адамдардың көбісі музыканың өзін ғана тыңдамайды, оны қоршаған ортадағы кедергілердің әсерінен қорғау мақсатында қолданады [6]. Музыканың әсері музыкотерапия ретінде якуттық спортсмендерде қарқынды дене белсенділігінен кейін қатты психоэмоционалдық қысымды жеңілдететін эффектмен өз пайдасын тигізе алды [7]. Сонымен қатар музыканың жасөспірімдердің психоэмоционалдық ерекшеліктеріне жүргізілген жұмыста классикалық музыканың тыңдалуы мазасыздық деңгейін төмендетіндігі гипотезасы ақиқат болып, мұғаліммен бірге қарым-

қатынас жасағандағы кедергілерді бұзуға көмектесетіндігі дәлелденді [8]. Осыдан музыканың, оның ішінде баяу музыканың [3], оқушылар арасындағы сабаққа дайындық ретіндегі потенциалды қолдану мүмкіндігін көруге болады, өйткені білім алу үдерісіндегі сыртқы факторларға байланысты мазасыздықты азайту [8] оқушылардың жалпы сабаққа концентрациясын көтереді. Осы тақырыпқа жақын музыканың экономикалық шешімдерді қабылдаудағы әсерін зерттеген жұмыста көңілді музыканың концентрацияға кері әсері, ал классикалық музыканың, керісінше, концентрацияны сақтауға көмектесетіндігі және музыканың маңызды сәттерде мінез-құлқымызға әсер ететіндігі эксперимент нәтижесінде расталды [9]. Айтып кеткен зерттеулермен бірге [1,8] классикалық музыканың белгілі бір іспен айналасқандағы қажет ететін эмоционалдық ресурстарға жағымды әсер ететіндігін көруге болады.

### **Зерттеу шарттары мен әдістері.**

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеу осы міндеттерді атқарады:

1. Оқушылардың тыңдайтын музыкалық жанрларды және олардың арасындағы кең таралғын жанрды анықтау.

2. Әртүрлі музыканың оятатын эмоцияларға баға беру.

3. Музыкалық элементтердің (темп, мелодия) эмоцияларға әсерін анықтау. Зерттеу жоспары мен сұрақтары: Бұл зерттеу жұмысы музыканың жасөспірімдерге эмоционалдық тұрғыдан әсерін анықтауға бағытталады. Осы мақсатқа жету үшін оқушылардың музыканың қай жанрды тыңдайтыны мен оның әсері зерттеледі. Зерттеудің нәтижелері оқушылармен сұхбат және сауалнама арқылы алынып, зерттеудің

сұрақтарына қорытынды ретінде жауап беріледі.

Жұмыстың негізгі мақсаты осы сұрақтарға жауап беру:

1. Жасөспірімдер музыканың қай жанрларын тыңдайды?

2. Музыка аспектілерінің және жанрларының оқушылардың эмоционалдық жағдайға әсері қандай?

Ақпаратты іздестіру және өңдеу тәсілдері. Жұмыстың барысында практикалық ақпаратты алудағы сауалнама және сұхбат әдістері қолданылды. Әдебиеттерге шолу жасау үшін ғылыми мақалалар, зерттеу жұмыстары, кітаптар, жобалар және ресми сайттан алынған ақпарат қолданылған. Зерттеу нәтижелері SWOT кестесі бойынша талданып, ұсынылды. Зерттеу барсындағы алынған ақпарат арқылы музыканың жан-жақты эмоционалдық әсерлері анықталады. Нәтижелер арқылы олардың ықпалына жалпылама баға беріледі.

Зерттеу әдістері. Музыканың жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайы мен тұрақтылығына әсерін зерттеу үшін Талдықорған қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-12 сынып оқушыларынан сауалнама мен сұхбат жүргізілді. Сауалнамаға жалпылама 64 респондент қатысты. Респонденттер 13-18 жастағы оқушыларды қамтыды. Сауалнама Google forms онлайн платформасында құрылып, оқушыларға Whatsapp мен Telegram желілері және мектеп электрондық почтасы арқылы өтуге жіберілген болатын.

**Зерттеу нәтижелерін талқылау.** 10 сұрақтан тұратын сауалнамаға 64 респондент қатысты. Қатысушылардың 43,7% 9-10 сынып оқушылары, 37,5% 11-12 сынып оқушылары және қалған 18,7% 7-8 сынып оқушылары қамтыды. Сауалнаманың нәтижелері бойынша қатысушылардың 67,1%-ы музыканы

жиі, 23,4%-ы кейде және 9,3%-ы сирек тыңдайды. Жанр бойынша ең көп тыңдалатын музыка поп болып анықталынды (42,1%), одан кейін хип-хоп (21,8%), электрондық (14%), рок (11%), классика (4,6%) және басқа (6,2%) жанрлар орналасты. Респонденттердің 70,3%-ы музыканың олардың эмоционалды жағдайына әсер етеді деп, 21,8%-ы , керісінше, әсер етпейді деп санайды, ал қалған 6,2%-ы осы сұраққа нақты жауап бере алмады. «Сіз үшін музыка көбінесе қандай эмоцияны оятады?» деген сұраққа 35,9% тыныштық, 29,6% қуаныш, 17,1% энергия, 10,9% көңіл-күйінің төмендеу сезімдерімен жауап берді. Музыка таңдауындағы ән текстінің маңызы мәселесінде 12,5% өте маңызды, 25% маңызды, 39% қатты маңызды емес және 23,4% маңызды емес деп санайды. Темпке байланысты оқушылардың 34,3%-ы баяу музыканы, 39%-ы орташа темптегі музыканы және 26,5%-ы жоғары темптегі музыканы тыңдауды ұнатады. Мелодия (42,1%) мен ритм (32,8%) музыкадағы көп ұнататын басты музыкалық элементтер болып анықталды, ал қалған бөлігін сөздік мағына (25%) құрады. Музыканы көңіл-күйді көтеру мақсатымен респонденттердің 56,5%-ы тыңдайды, ал 43,5% -ы бұны музыканы тыңдаудағы себеп ретінде деп қарастырмайды. Респонденттердің сабақ оқығандағы музыканы тыңдау туралы сұраққа 62,5%-ы «иә», 37,5%-ы «жоқ» деп жауап берді.

**Қорытынды.** Сауалнамаға қатысқан жасөспірім күн сайын бірнеше сағат музыка тыңдайды. Ол поп және хип-хоп жанрларын жақсы көреді. Респондент музыканың кейбір түрлері оның эмоционалды жағдайына әсер етуі мүмкін деп санайды. Мысалы, жігерлі музыканы тыңдағанда ол өзін бақытты және көңілді сезінеді, ал тыныш музыка релаксация мен тыныштық сезімдерін

тудырады. Респондент сонымен қатар оның сүйікті альбомы британдық әнші Адельдің «25» альбомы екенін айтты. Ол альбомды өте ерекше және эмоционалды деп санайды. Адельдің шығармашылығындағы ән сөздерінде адамның өмірлік тәжірибесі мен эмоциясын жақсы сипатталуын биік бағалайды. Респондент мұндай әндер оған өзін және басқа адамдарды жақсы түсінуге көмектеседі деп санайды. Бұл ол үшін стрессті азайтумен бірге, музыканы тыңдаудағы басты себептердің бірі болып табылады. Респонденттің мұндай пікірге келуге 10 жасындағы ата-аналарының ажырасуы ықпал етті. Өміріндегі қиын периодтан өтуге музыка оған көмектесті.

Респондент өзінің эмоционалды жағдайына сәйкес музыканы таңдауға тырысады. Мысалы, ол қайғылы болған кезде, демалуға және тыныштандыруға көмектесетін музыка тыңдайды, ал өзін ашуланған күйде сезінгенде негативті эмоцияларын агрессивті музыка арқылы сыртқа шығара алады. Сонымен қатар музыканың сабақты оқудағы пайдасы туралы әсері бар екендігімен келіседі. ББЖБ және ТЖБ жұмыстарына дайындалу кезінде музыка арқылы мазасыздықты төмендетіп, керекті сабақ материалдарын қайталауға және қорытындылауға бар назарын аударып, тиімді күйге келуге көмектеседі деп санайды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қамза, Г.Б., Базарбекова, Р.Ж. Студенттердің психоэмоциялық жағдайына музыканың әсері [Электрондық ресурс] / Кіру режимі: <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/1833/1006> Қаралған күні: 25.03.2024
2. Овсянкина Г.П. Современные методы исследования в области педагогики музыкального образования [Текст] / Г.П. Овсянкина. 2018.
3. Благинин, А.А., Смольянинова С.В., Синельников С.Н.. Музыкальное кондиционирование как метод коррекции психических состояний операторов. [Электронный ресурс] / Кіру режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/muzykalnoe-konditsionirovanie-kak-metod-korreksii-psiicheskikh-sostoyaniy-operatorov/viewer> Қаралған күні: 25.03.2024
4. de Witte, M., Spruit, A., van Hooren, S., Moonen, X., & Stams, G-J. (2020). Effects of music interventions on stress-related outcomes: A systematic review and two meta-analyses. Health Psychology Review, 14(2), 294-324. [https://pure.uva.nl/ws/files/58927620/Effects\\_of\\_music\\_interventions\\_on\\_stress\\_related\\_outcomes\\_a\\_systematic\\_review\\_and\\_two\\_meta\\_analyses.pdf](https://pure.uva.nl/ws/files/58927620/Effects_of_music_interventions_on_stress_related_outcomes_a_systematic_review_and_two_meta_analyses.pdf)
5. Рязанов, И.Б., Кайгородова, Н.З. Влияние музыки разных стилей на психоэмоциональное состояние слушателей юношеского возраста в контексте их индивидуальных особенностей [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://bppasu.ru/article/view/13602/11401> Дата обращения: 25.03.2024
6. Ганкович, А. Ю., Дубиковская, Т. В. Влияние музыки на психоэмоциональное состояние человека [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://rep.bntu.by/bitstream/handle/data/85213/153-154.pdf?sequence=1> Дата обращения: 25.03.2024
7. Прокопьев, В.Е. Влияние музыки на психоэмоциональное состояние спортсменов Якутии [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://os-russia.com/SBORNIKI/KON-27.pdf#page=136> Дата обращения: 25.03.2024
8. Саргсян, Н., Берберян, А.С. Влияние музыки на психоэмоциональные особенности подростка. (73-766) [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://science.rau.am/uploads/documents/1623176712.pdf#page=73> Дата обращения: 25.03.2024
9. Царюк, П.Р., Шилинский, И.С. Влияние музыки на принятие экономических решений [Электронный ресурс] Режим доступа:

*Мақала редакцияға 23.04.24. түсті*

**Г. А. Мирзакулова**

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан*

## **ВЛИЯНИЕ МУЗЫКИ НА ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ УЧАЩИХСЯ: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ**

**Аннотация:** Музыка играет огромную роль в повседневной жизни современного общества, особенно для школьников. Музыка – это не только форма самовыражения, она также оказывает глубокое влияние на эмоциональное состояние. В этой связи проблема влияния музыки на эмоциональную устойчивость подростков показывает свою огромную актуальность. Эмоциональная стабильность оказывает влияние на качество жизни и личностное развитие общества. В стратегии развития "Казахстан-2030" закреплена цель развития качества жизни населения, в том числе формирования положения подростков и детей. Следовательно, изучение этой проблемы позволяет нам понять и впоследствии соответствующим образом применить полное влияние культурных аспектов, таких как музыка, на психическое благополучие подростков. Цель исследования – выявить и проанализировать влияние музыки на эмоциональное состояние учащихся. Определение того, какой жанр музыки и какие элементы вызывают у подростков какой эмоциональный эффект.

**Ключевые слова:** музыка, ученики, эмоции.

**G. A. Mirzakulova** - *Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

## **THE INFLUENCE OF MUSIC ON THE EMOTIONAL STATE OF STUDENTS: SOCIOLOGICAL ANALYSIS**

**Abstract:** Music plays a huge role in the everyday life of today's society, especially for schoolchildren. Music is not only a form of self-expression, it also has a profound effect on the emotional state. In this regard, the problem of the influence of music on the emotional stability of adolescents shows its great relevance. If there is emotional stability, then society has its own impact on the quality of life and personal development. The development strategy "Kazakhstan-2030" enshrines the goal of developing the quality of life of the population, including the formation of the condition of adolescents and children. Therefore, the study of this issue makes it possible to understand the full impact of cultural aspects such as music on the mental well-being of adolescents and then apply them appropriately. The purpose of the study is to identify and analyze the influence of music on the emotional state of students. Determining which genre of music and which elements have the most emotional effect on adolescents.

**Key words:** music, students, emotion.

### References

1. Kamza, G.B., Bazarbekova, R.Zh. Studentterдің psihoemocional'noe zhardajyna muzykanıń әseri [The influence of music on the psychoemotional state of students] [electronic resource] / access mode: <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/1833/1006> review date: 25.03.2024
2. Ovsyankina G.P. Sovremennye metody issledovaniya v oblasti pedagogiki muzykal'nogo obrazovaniya [Modern research methods in the field of pedagogy of music education] [Text] / G.P. Ovsyankina. 2018.
3. Blaginin, A.A., Smolyaninova S.V., Sinelnikov S.N. Muzykal'noe kondicionirovanie kak metod korrekcii psihicheskikh sostoyaniy operatorov [Musical conditioning as a method of correction of mental states of operators]. [Electronic resource] / Kiru mode: <https://cyberleninka.ru/article/n/muzykalnoe-konditsionirovanie-kak-metod-korreksii-psihicheskikh-sostoyaniy-operatorov/viewer> Karalgan kuni: 03/25/2024
4. de Witte, M., Spruit, A., van Hooren, S., Moonen, X., & Stams, G-J. (2020). Effects of music interventions on stress-related outcomes: A systematic review and two meta-analyses. *Health Psychology Review*, 14(2), 294-324. [https://pure.uva.nl/ws/files/58927620/Effects\\_of\\_music\\_interventions\\_on\\_stress\\_related\\_outcomes\\_a\\_systematic\\_review\\_and\\_two\\_meta\\_analyses.pdf](https://pure.uva.nl/ws/files/58927620/Effects_of_music_interventions_on_stress_related_outcomes_a_systematic_review_and_two_meta_analyses.pdf)
5. Ryazanov, I.B., Kaigorodova, N.Z. Vliyanie muzyki raznyh stilej na psihoemocional'noe sostoyanie slushatelej yunosheskogo vozrasta v kontekste ih individual'nyh osobennostej [The influence of music of different styles on the psycho-emotional state of adolescent listeners in the context of their individual characteristics] [Electronic resource] Access mode: <http://bppsru.ru/article/view/13602/11401> Date of application: 03/25/2024
6. Gankovich, A. Yu., Dubikovskaya, T. V. Vliyanie muzyki na psihoemocional'noe sostoyanie cheloveka [The influence of music on the psychoemotional state of a person] [Electronic resource] Access mode: <https://rep.bntu.by/bitstream/handle/data/85213/153-154.pdf?sequence=1> Date of application: 03/25/2024
7. Prokopyev, V.E. Vliyanie muzyki na psihoemocional'noe sostoyanie sportsmenov Yfkutii [The influence of music on the psycho-emotional state of the athletes of Yakutia] [Electronic resource] Access mode: <https://os-russia.com/SBORNIKI/KON-27.pdf#page=136> Date of application: 03/25/2024
8. Sargsyan, N., Berberyan, A.S. Vliyanie muzyk na psihoemocional'nye osobennosti podrostka [The influence of music on the psycho-emotional characteristics of a teenager] [Electronic resource] Access mode: <https://science.rau.am/uploads/documents/1623176712.pdf#page=73> Date of application: 03/25/2024
9. Tsaryuk, P.R., Shilinsky, I.S. liyanie muzyki na prinyatie ekonomicheskikh reshenij [The influence of music on economic decision-making] [Electronic resource] Access mode: [http://edoc.bseu.by:8080/bitstream/edoc/100221/1/Tsaryuk\\_508\\_509.pdf](http://edoc.bseu.by:8080/bitstream/edoc/100221/1/Tsaryuk_508_509.pdf) Date of application: 03/25/2024

**Мақалаға сілтеме:** *Мирзақұлова, Г.А. Оқушылардың эмоциялық жағдайына музыканың әсері: Әлеуметтанулық талдау [Мәтін] / Г.А. Мирзақұлова // Dulary University Хабаршысы. – 2024. - №3. – Б.44-49 <https://doi.org/10.55956/KTBB6553>*